

взаимодействию учителя и учащихся, создают оптимальные условия для творческого использования информации в самостоятельной познавательной деятельности студентов.

Использование компьютеров способствует оптимизации управления обучением, повышению эффективности учебного процесса, значительно экономит время преподавателя на работу с учебными материалами, упрощая их поиск, анализ и отбор и обеспечивает возможность внедрения новых организационных форм обучения.

Литературы:

1. Арзамасцева А. А., Киевская Т. Ю., Иванов М. А., Зенкова Н. А., Хворов А. П. Компьютерная технология оптимального проектирования учебного процесса // Информатика и образование. 2001. № 4. С. 79-82.
2. Беспалько В. П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. - М., 1995.
3. Владимирова Л. П. Интернет на уроках иностранного языка. ИЯШ, №3, 2002. С 33-41.
4. Гальскова Н. Д. Современная методика обучения иностранным языкам. – М: АРКТИ, 2004.
5. Полат Е. С. Новые педагогические технологии/ Пособие для учителей-М., 1997.

«MOODLE» БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ОРТАСЫН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНУ

Бадекова К.Ж., магистрант*; Омаров А.М., ф.- м.ғ.к., доцент*; Бражанова А.К., оқытушы**

*Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

**Қарағанды мемлекеттік медицина университеті

Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Мақалада «Moodle» бағдарламалық ортасының қысқаша құралдық сипаттамасы және берілген модульдің Информатика пәнін қашықтықтан оқыту барысында қолдану әдістері қарастырылған. Сонымен қатар білім беру жүйесінде қолданылатын инновациялық технологиялардың және компьютерлік жүйелердің құрылымы мен мазмұны сипатталған.

Кілттік сөздер: ақпараттық технологиялар, «Moodle» бағдарламалық ортасы, интерфейс, блогтар, қашықтықтан оқыту.

Кейінгі уақытта қарқынды талқыланып жатқан тақырыптардың бірі – интернет желісін пайдаланып оқыту немесе қашықтықтан оқыту әдісі. Қашықтықтан оқыту әдісін көбінесе жабық оқыту жүйесімен байланыстырады және мұндағы негізгі тілтабысу құралы болып интернет саналады. Телекоммуникация құралдары мен ақпараттық технологиялар қашықтықтан оқыту жүйесінің негізгі құралы болып табылады. Кез – келген ақпараттық ортаны тиімді пайдаланудың негізгі шарты оның мазмұнды болуында. Қашықтықтан оқытудың мақсаты күндізгі оқытудың мақсатымен сондай мазмұнда сәйкес келеді. Бірақ материалды беру түрі мен оқытушы мен оқушының қатынасу тәсілдері өзгеше. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың әдістемелік принциптері күндізгі бөлімде оқытумен бірдей, бірақ оқытудың жаңа түрінің ерекшелігіне негізделген, ол интернет ақпараттық ортасының мүмкіндіктеріне және оның қызметтеріне тәуелді.

Қашықтықтан оқыту – бұл кейінгі жылдары пайда болған оқыту түрі, ол өзара алыс қашықтықта тұратын оқытушы мен оқушының оқу арақатынасына негізделген және телекоммуникациялық технологиялар мен Интернет желісінің ресурстарымен іске асырылады. Мұндай оқыту түрі келесідей жақсылықтарға ие: студенттің оқу ақысын төмен, оқу орнының ақпараттық инфрақұрылымы бір деңгейге келтірілген, студенттердің саны көп. Бұл жүйені дамытуға және қолдауға жұмсалатын қаржының аздығы қашықтықтан оқыту курстарын толығымен ұйымдастыруға тиімді. Қашықтықтан оқыту білім беру жүйесін жаңартуда үлкен роль атқарады [1].

Білім беруде күн өткен сайын студенттер мен оқытушыларды жалпы компьютерлендіру үшін ақпараттық технологиялардың алатын орны ерекше, және бұл негізгі 3 мәселені шешуді қамтамасыз етеді:

- оқыту процесінің әрбір қатысушысын интернетке шығу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- біртұтас ақпараттық білім беру индустриясын дамыту және әрбір қатысушының бір – біріне тәуелсіз және әртүрлі уақытта қатынау мүмкіндігін дамыту;
- басқарылатын ақпараттық білім беру ресурстарын құру, дамыту, тиімді пайдалану, сонымен қатар жеке қолданушылық мәліметтер қорын пайдалану.

Білім беру технологияларын анықтау мақсатында әртүрлі тәсілдерді біріктіретін болсақ, онда оқыту жоспары мен бағдарламаларын іске асыру тәсілдерінің жиынтығы, яғни оқыту мақсатының

нәтижеге жетуін қамтамасыздандыратын оқытуға арналған әдістер, құралдар, формалар жүйесі ретінде алуға болады.

Әдетте мамандар білім беру технологияларының айырмашылығы олардың оқыту әдістерін қолданудағы айырмашылықтарында ғана дейді. Білім берудің ақпараттық технологиялары ақпараттық есептеуіш техникалық құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асады. Білім берудің ақпараттық технологиялары жүзеге асатын оқыту ортасын онымен жұмыс істейтін келесі компоненттер анықтайды:

- техникалық;
- бағдарламалық-техникалық;
- ұйымдастырушылық-әдістемелік.

Жоғарғы оқу орындарында білім беру технологиясы ретінде ғылыми және инженерлік білімнің жүйесін және пәндік облыстарда пайдаланылатын ақпаратты құру, тарату, жинау, сақтау, өңдеуге арналған әдістер мен құралдар жиынтығы ретінде қарастырылады. Сондықтан оқу бағдарламаларының орындалу нәтижелігі олардың коммуникациялық технология интеграциясының дәрежесіне тікелей байланысты.

Қашықтықтан оқыту орындарының өте маңызды факторларының бірі оқу процесінде пайдаланылатын педагогикалық әдістер мен тәсілдердің жиынтығы. Қашықтықтан оқыту жүйелерінің барлық түрлері 3 негізгі мақсатты көздейді:

1. Студентке білім беру бағдарламаларының негізіндегі орындалатын әр түрлі облыстағы өз білімдерін толықтыруға және дамытуға мүмкіндік беру.
2. Қажетті емтихандарды тапсырғаннан кейін білім туралы диплом немесе біліктілік дәрежесін беру.
3. Жоғары оқу орнының әртүрлі бағыты бойынша сапалы білім беру.

Қашықтықтан оқытуға бейімделген білім беру технологияларына келесілер жатады:

- видео – дәрістер;
- мультимедиа- дәрістер және тәжірибелік практикумдар;
- электронды мультимедиялық оқулықтар;
- тестілеу және компьютерлік оқыту жүйелері;
- компьютерлік тренажер мен модельдер;
- телекоммуникациялық құралдарды пайдаланушы тестер мен кеңестер;
- видеоконференциялар.

Ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ақпараттарын сақтауды және өңдеуді, студентке оны жеткізуді, білімін тестілеуді, студенттің оқытушы немесе педагогикалық бағдарламалық құралмен интерактивті қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін есептеуіш техникаға негізделген аппаратты – бағдарламалық құралдар.

Білім беру процесінде ақпараттық технологияның өзі ғана маңызды емес, оны пайдалану арқылы білім беру мақсаттарының орындалуы маңызды. Коммуникация құралдарын таңдау оның технологиясына емес мазмұнына негізделуі керек. Оқыту нәтижесі коммуникациялық және ақпараттық технология түріне емес, курстардың берілу және құрастырылуына тәуелді.

Қазақстанда қашықтықтан оқытудың маңыздылығы күннен күнге артып отыр. Оған дәлел ретінде «ТМД елдеріндегі қашықтықтан оқыту: білім беру саласының қажеттілігі мен мүмкіндіктерінің сараптамасы» атты жоба аясында жасалған зерттеулер нәтижесін келтіруге болады.

2006 жылдың басынан РБАО жанынан «Modular Object Oriented Digital Learning Environment (MOODLE)» қашықтан оқыту порталы ашылды. Бұл жоба ЮНЕСКО жобасының ауқымында жүзеге асырылады және білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған [2].

Moodle - online сабақтарды ұйымдастыруға және білім беруші web-сайттарды құруға арналған қосымша. Бұл проект білім беруде әлеуметтік – құрылымдық тәсілді дамыту үшін ойластырылған болатын. Бағдарлама негізінде жаңа білім тек бұрын алынған білімнің және жеке тәжірибенің бар болуының арқасында және оқушы өзі және өзгелерге оқыған материалын өз сөзімен түсіндірсе өте жақсы игерілетінін алға тартады. Яғни, мұндай тәсілді пайдаланып адамдар әрбір маңызды материалды игеруге сәйкес келетін оқушының тәжірибесіне сүйеніп қолдана алады.

Moodle – курстарды басқару жүйесі (электронды білім беру), сондай-ақ білім беруді басқару немесе виртуалды білім беру ортасы ретінде танымал. Онлайн оқытуға арналған сайттар жасауға мүмкіндік беретін дербес веб қосымша (GNU GPL лицензиясы бойынша таратылады (пайдаланушының бағдарламаны көшіруге, модификациялауға, және таратуға құқығы бар)). PHP да SQL мәліметтер қорын пайдалану арқылы жазылған. Ұйымдастырушы мен ойластырушы - Мартин Дуджиамос атты Австралиялық азамат. Ең алғашқы нұсқасы 2002 жылы

тамызда ашық кодты бағдарламалық қамтамасыз ету ретінде тарала бастады. Қазіргі таңда Moodle жүйесі негізінде 193 елдің көптеген ең ірі университеттерінде қашықтықтан оқыту жүйесі ұйымдастырылған. Жүйе негізінен оқытушы мен студенттің өзара қатынасын ұйымдастыруға негізделгенмен дәстүрлі қашықтықтан оқыту курстарына да және күндізгі оқыту бөліміне де қолдау ретінде сәйкес келеді [3].

Бұл тегін таратылатын бағдарламалық жиынтық, ол өзінің функционалдық мүмкіндіктерінің көптігімен және оны қолдану жеңілдігімен электронды оқыту жүйелеріне қойылатын талаптарды қанағаттандыруда. Бұл жүйеге кіру үшін жүйеге кіру батырмасын басып, тіркелуші аты мен құпия сөзін теру қажет (Сурет 1). Немесе қонақ ретінде кіріп курстарға шолу жасай алады.

Сурет 1. «Moodle» бағдарламалық ортасына кіру терезесі

Moodle бірнеше ондаған тілдерге аударылып 190 елдерде жүз мыңдаған кәсіпорындарда пайдаланылып келеді. Модульдік архитектураның дамуына байланысты Moodle-ң мүмкіндіктерін сырттан келген өңдеуші оңай кеңейте алады. Тілдік қолдаулардан және шаблондар жасаудан басқа Moodle модульдер жиынтығын қосуға мүмкіндік береді. Егерде қолданушы жүйеге бірінші рет кіріп тұрған болса, онда ол тіркелу батырмасын басып, ашылған терезеге өзі туралы мәліметтерді енгізіп, тіркеледі. Және болашақта жүйеге кіру үшін өзінің аты мен құпия сөзін пайдалана алады (Сурет 2).


Сурет 2. «Moodle» бағдарламалық ортасының тіркелу беті

Moodle қашықтықтан оқыту жүйесінің негізгі ұғымы ол – курстар. Бірақ курстар мұнда тек дәстүрлі түрдегі білім беруді ұйымдастыру құралы ретінде ғана қарастырылмайды. Курстар бір тақырып бойынша қызығушылығы бар топтың тілдесу құралы да болуы мүмкін. Wiki негізінде құрылған курстар Moodle қашықтықтан оқыту жүйесінің негізгі пакетіне кіреді. Ол қосымша қондырғыларды және ерекше күйге келтіруді қажет етпейді.

Модульдің жұмыс істеуін тексеру үшін келесі бөлімдердің жұмыс істеу қабілеттілігін тексеру керек:

- курстарды құру, өңдеу, жою;
- курс элементтерін құру, өңдеу, жою;
- курстың статистикалық мәліметтерін қарау;
- әртүрлі қолданушының кіру рұқсатын жіктеу.

Курс құру кезінде оның қай категорияға жататынын белгілеп, немесе сәйкес категория болмаған жағдайда оны құру қажет. Жоғары оқу орындарында мамандарды даярлау мақсатында қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін оларды бір мамандыққа тиесілі қасиеттері бойынша категорияларға біріктірген абзал. Жаңа категорияны құру үшін Администратор блогынан Курстар-курс қосу/өңдеу пунктін таңдаймыз. Бұл курста келешекте әртүрлі элементтерден тұратын модульдер құрылады (сурет 3).



Сурет 3. Жүйедегі қажетті курсты таңдау терезесі

Категорияны қосу кезінде мәтіндік редактор терезесінде оның қысқаша сипаттамасын құруға болады. Және құрылған категорияларды өзгертуге, яғни; атын өзгертіп, өшіріп, оларды басқа категорияларға бағыныңқы етуге, категориялар тізімінде жоғары немесе төмен жылжытуға, студенттерге категория атынын жасырын болуын жасауға болады.

Moodle жүйесі әртүрлі курс құруға арналған сан түрлі элементтерге бай. Moodle-ң курс құруға арналған барлық құралдарын статистикалық(курс ресурстары) және интерактивті(курс элементтері) деп екіге бөлеміз.

Ресурстарға: мәтіндік бет, веб-бет, файлға немесе веб-бетке жасалған сілтеме, каталогка сілтеме жатады.

Интерактивті элементтерге: глоссарий, дәріс, тапсырма, тест, форум жатады.

Әрбір курс үшін Moodle жүйесі жеке каталог құрады, мұнда осы жүйеде жасалған файлдар, яғни мәтіндік және веб-беттер, PDF-құжаттар, презентациялар, суреттер және т.б. жүктеліп, сақталады. Негізгі бумаға қатынасу тек басты бетте іске асады. Құрылған курстың негізгі бөлігі курстың жұмыс бағдарламасынан, яғни курстың құрылымы мен мазмұны туралы мағлұматтан және курс тыңдаушыларына арналған кеңестерден тұрады.

Электронды курстарды құрудың бүгінгі таңда келесі кезеңдерден тұратын ортақ әдіснамасы бар:

- Жоспарлау. Бұл кезеңде оқыту пәні, теориялық материалдың күрделілік дәрежесі, мақсаты, мазмұны анықталады.
- Дайындық кезеңі. Таңдалған курс бойынша графикалық материалды жинау және дайындау іске асады.
- Негізгі кезең. Дәрістердің мәтіндік форматы гипермәтіндік форматқа ауыстырылып, мәтінде графикалық элементтермен көркемдеу пайдаланылып, курстың бағдары икемделеді.
- Қорытынды кезең. Бұл кезеңде құрастырылған курс қашықтықтан оқыту серверіне орналастырылады.

Moodle оқу тапсырмаларын бірлесе отырып шешу үрдісінде оқуды ұйымдастыруға, білім алмастыруға мүмкіндік береді. Moodle-дің бір өзгешелігі қатынас жасауға барынша мүмкіндік береді. Жүйеде оқытушы мен студент арасында жүретін кез келген пішімдегі файлдармен алмасуға болады.

Moodle жүйесі қашықтан оқыту курсының материалы мен осы материалмен жұмыс жасауды ұйымдастыруды көрсетуге арналған аспаптар жиынтығымен жабдықталған. Moodle жүйесіндегі курс бірнеше тақырыпқа бөлінеді. Әр тақырып қысқаша сипаттаудан және тақырыптың кейбір объектілерінен тұрады. Бұл объектілер Moodle жүйесінде курстың ресурстарына және элементтеріне бөлінеді. Ресурсты ақпарат беру тәсілі деп түсінуге болады. Курстың элементі – берілген материалды меңгеруді жеңілдететін механизм.

Moodle жүйесінде келесі ресурстар түрлері көрсетілген:

1. Мәтін беті және веб-бет
2. Файлға немесе веб-бетке сілтеме
3. Түсініктеме және т.б.

Ресурс ретінде өздік меңгеруге, зерттеу жүргізіуге, талқылауға арналған кез келген материал: сурет, аудио және видео файл және т.б. болуы мүмкін. Moodle жүйесінде сабақ даярлау және өткізуде оқытушы курстың элементтер жиынтығын қолданады: глоссарий, тапсырма, практикум, жұмыс дәптері, сұрақ, форум, чат, wiki, сабақ, тест.


Курстың түрлі элементтерінің үйлестірілуін түрлендіре отырып, оқытушы жаңа материалды меңгерту кезінде оқыту формасын нақты сабақтың мақсаты мен міндеттеріне сәйкестіріп ұйымдастырады (Сурет 4).

Moodle-де мәтінді ұжымдық өндегіш қызметі бар («Wiki» курс элементі).

«Тестілер» курс элементі оқытушыға сұрақтарды түрлендіре отыра тест құрастыруға мүмкіндік береді:

- Жабық формадағы сұрақтар (көпше таңдау);
- Иә/Жок;
- Қысқа жауап;
- Санмен көрсетілген;
- Сәйкестік;
- Кездейсоқ сұрақ;
- Енгізілген сұрақ және т.б.

Тестілеу сұрақтары деректер қорында сақталады және қайталанып бір немесе түрлі курстарда қолданылуы мүмкін. Тестілеуден өтуге бірнеше мүмкіндік беріледі. Тест жұмысына уақыт шектеулі болуы мүмкін. Тест жұмысының нәтижесін оқытушы бағалауы мүмкін және тест сұрақтарының жауаптарын көрсете алады.



Сурет 4. Информатика пәні бойынша дайындалған курс

Қатынас мүмкіндігі – Moodle-дің ең тиімді қасиеттерінің бірі. Жүйеде оқытушылар мен студенттер арасында жүретін кез келген пішімдегі файлдармен алмасуға болады.

Оқытушы курс шеңберінде кез келген бағалау жүйесін жасап қолдана алады. Moodle студенттердің белсенділігін, олардың желідегі жұмысын бақылауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің медициналық биофизика және информатика кафедрасының жалпы медицина мамандығының бірінші курс студенттеріне арналған информатика пәнінің тақырыптарына сәйкес студенттердің өзіндік жұмысын қабылдау және тексеру бойынша Moodle жүйесінде тапсырмалар дайындау және тест сұрақтарын құру қолға алынуда, және болашақта қолдану аясын кеңейту көзделуде.

Қорыта келе қашықтықтан оқыту дегеніміз, білім беру процессінің субъектілері арасындағы қарқынды түрде ақпарат алмасу нәтижесінде орындалатын білім беру түрі. Ол жаңа ақпараттық технология мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланады. Сонымен қатар қашықтықтан оқыту кезінде екі жақты диалог қатысушыларының, яғни оқытушы мен студенттің бір-бірімен сұрақ-жауап алмасуы, қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау, басқару арқылы жүзеге асады. Ең бастысы қашықтықтан оқыту арқылы қоғамның білімге деген сұранысы мен оның ұсынысын қанағаттандыруға болады, яғни қашықтықтан оқыту мемлекетіміздің білім берудегі басты саясатын орындауға – халықтың әлеуметтік жағдайына және арақашықтыққа қарамастан білім беруді ұйымдастыруға мүмкіндік беріп отыр.

Әдебиеттер:

1. Радаев А. Трехуровневая модульная система представления образовательных ресурсов//Интернет-журнал "Инженерное образование". – 2007. – № 2–3. – С.165-170.
2. <http://sirdariya.kz/KO/kt-ok-proc.htm>
3. Анисимов А.М. Работа в системе дистанционного обучения Moodle//Учебное пособие. – 2009. – 292с.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИЗУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА НА НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЯХ ВУЗА

Бакенова А.М., ст. преподаватель; Жумаканова Л.Т., ст. преподаватель;
Рахметуллина М.А., ст. преподаватель
Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова
г. Караганда, Республика Казахстан

В данной статье рассматриваются психологические особенности, которые должны учитываться при изучении иностранного языка на неязыковых специальностях.

Ключевые слова: Психология, методика преподавания иностранных языков, индивид, индивидуальные особенности, мотивация, восприятие, организация, неязыковые специальности, высшее учебное заведение.

В новых условиях развития современного общества знание иностранного языка и его умелое применение переходит в обязательный компонент, востребованного в практической и интеллектуальной деятельности человека. Однако известно, что овладеть иностранным языком - значит научиться мыслить на этом языке. При изучении иностранного языка, как известно, имеется ряд аспектов таких как, психологические, социально-культурные. Мы рассматриваем психологические аспекты.

Методика обучения иностранным языкам является отнюдь не единственной, она связана с рядом других наук таких как, философия, физиология, психология, языкознание, педагогика, основывается на установленных ими закономерностях. "Ни в одной другой методике, - как отмечает Г. Е. Ведель, - нет так много спорного и противоречивого как в методике преподавания языка" [1]. Иностраный язык, в действительности требует работы – ежедневной и систематической. Студент должен знать, ради чего он это делает, и иметь четко поставленную конкретную цель изучения иностранного языка. В связи с этим первым психологическим аспектом изучения иностранного языка в ВУЗе является мотивация студента. Управление мотивацией в изучении иностранного языка является одной из центральных проблем методики преподавания. Мотивация - общее название для процессов, методов, средств побуждения учащихся к продуктивной познавательной деятельности. Изучение и правильное использование действующих мотивов, направляющих развитие личности и ее движение в нужном направлении, - сердцевина педагогического процесса.

Поиск путей решения вопроса о мотивации обучения возможен в плане психологических исследований этого направления, где рассматриваются психологические основы мотивации. По словам И. А. Зимней, «мотив - это то, что объясняет характер данного речевого действия, тогда как коммуникативное намерение выражает то, какую коммуникативную цель преследует говорящий планируя ту или иную форму воздействия на слушающего» [2].